

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 23 қазандағы шешімімен (№ 17 шешім) бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Тәуекелдерді басқару саясатына өзгерістер мен толықтырулар**

1. 1-тармақ мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:  
«10) КБ/КҚ – Комплаенс-бақылаушы/Комплаенс қызметі;»;
2. 2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:  
«Осы тармақта көрсетілмеген, бірақ Саясат мәтіні бойынша қолданылатын терминдердің Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ІРҚ-ға сәйкес оларға берілген анықтамасы бар.»;
3. 9-тармақ мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:  
«6) Қоғам қызметіндегі тәуекелдерді барынша азайту.»;
4. 10-тармақ мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:  
«9) Қоғамның іскерлік беделін қорғау.»;
5. 14-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«2) 2-желі – ТжТБ функционалдық жауапкершілік шеңберінде жасалған, сондай-ақ әлеуетті тәуекелдерді бағалауға, мониторингілеуге, барынша азайтуға жауапты. ЗБ Қоғамның құқықтық тәуекелдерін басқаруға жауапты болады. КБ/КҚ комплаенс-тәуекелді басқару бөлігінде Қоғам қызметін үйлестіру үшін жауапты болады;»
6. 17-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«4) ТжТБ, ЗБ (Қоғамның құқықтық тәуекелдері бөлігінде), КБ/КҚ (Қоғамның комплаенс-тәуекелдері бөлігінде);»
7. 38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:  
«38. Екінші қорғаныс желісі ІБК екінші компонентінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, ТжТБ тәуекелдердің барлық түрлерін бағалаудың бірыңғай әдіснамасын әзірлейді, оларды бағалауды жүзеге асырады, ЗБ заңдық (құқықтық) тәуекелдерді бағалауды жүзеге асырады, КБ/КҚ комплаенс-тәуекелді бағалауды жүзеге асырады.»;
8. 50-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:  
«6-1) Комплаенс-тәуекел;»
9. Мынадай мазмұндағы 10-1 тараумен толықтырылсын:  
«10-1 тарау. Комплаенс-тәуекелді басқару  
85-1. Комплаенс-тәуекелді басқарудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерінің және Қоғамның ІРҚ талаптарын сақтамау салдарынан Қоғамда қаржылық шығындардың туындауы және оған санкциялар қолдану сияқты комплаенс-тәуекелдерді барынша азайтуды және/немесе қолайлы деңгейде ұстап тұруды қамтамасыз ету болып табылады.  
85-2. Комплаенс-тәуекелді басқару шеңберіндегі негізгі міндеттер:  
1) Қоғам қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қоғамның ішкі қағидалары мен рәсімдерінің талаптарына сәйкестігіне ішкі бақылауды жүзеге асыру;  
2) Қоғам жұмысының тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін Қоғамның тәуекелдерін басқарудың жалпы жүйесі шеңберінде комплаенс-тәуекелді басқару жүйесін құру;  
3) комплаенс-тәуекелді, оның ішінде бизнес-процестерді іске асыру кезінде, оның ішінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде және Қоғамның ол операторы болып айқындалған бағдарламаларды іске асыруы кезінде беделін жоғалту тәуекелін барынша азайту;

4) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ ұжымда да, үшінші тұлғалармен өзара іс-қимыл кезінде де, сондай-ақ жұмыстан тыс уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қамтитын корпоративтік әдеп кодексінің және Қоғамның өзге де ішкі регламенттеуші құжаттарының талаптарын сақтау;

5) мүдделер қақтығысын басқару;

6) инсайдерлік ақпаратқа билік ету және пайдалану жөніндегі талаптарды сақтау;

7) Қоғамның өз қызметін жүзеге асыру процесінде комплаенс-тәуекелді басқару үшін Қоғам бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

85-3. Комплаенс-тәуекелді басқару кезінде мынадай негізгі қағидаттар ескеріледі:

1) комплаенс-мәдениетті құру – жалпы қабылданған әдеп нормаларынан туындайтын Қоғам қызметкерлерінің мінез-құлқының адалдығы мен сатылмайтындығы мәдениетін дамыту және қолдау. Қоғам сыбайлас жемқорлықтың, алаяқтық әрекеттердің және әдепке жат мінез-құлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділікті қамтамасыз етеді және Қоғам қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және ІРҚ-ға сәйкес өз міндеттерін адал орындауы үшін жағдай жасайды;

2) үздіксіздік – комплаенс-бақылаудың тұрақты жұмыс істеуі және Қоғам қызметіндегі бұзушылықтар мен ауытқулардың уақтылы алдын алу, сондай-ақ анықталған бұзушылықтар немесе ауытқулар туралы ақпарат олар бойынша тиісті шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген адамдарға барынша қысқа мерзімде ұсынылуы тиіс;

3) Қоғамның барлық қызметкерлерінің комплаенс-тәуекелді басқаруға қатысуы – комплаенс-тәуекелді басқаруға қатысу Қоғам басшылығынан басталады және Қоғамның барлық қызметкерлері жалғастырады;

4) құзырет пен міндеттерді бөлу – комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің әрбір қатысушысы Қоғамның ІРҚ-мен бекітілген өз өкілеттіктері шеңберінде бақылау рәсімдерінің тиісінше орындалуына жауапты болады;

5) ақпараттандыру – таралуы шектелген ақпаратпен жұмыс істеу, құпиялы ақпараттың айналысы және дербес деректерді қорғау тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ІРҚ талаптарын ескере отырып, комплаенс-бақылауды іске асыру үшін қажетті кез келген ақпаратқа қол жеткізу.

85-4. Комплаенс-тәуекелдің туындау себептері мыналарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді:

1) Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын және ІРҚ-ны сақтамауы;

2) Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін ішкі, оның ішінде өкімдік құжаттарды қабылдауы;

3) ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудағы, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсаттарындағы кемшіліктер;

4) Қоғамның жаңа технологияларды, өнімдер мен қызметтерді әзірлеу және ендіру кезінде құқықтық мәселелерді жеткіліксіз пысықтауы;

5) Қоғам қызметкерлерінің біліктілігінің төмен деңгейі;

6) азаматтық-құқықтық даулар/наразылықтар;

7) Қоғамның өз қызметін жүзеге асыру процесінде мүдделер қақтығысының болуы.

85-5. Комплаенс-тәуекелді басқарудың ұйымдастырылуы мен тәртібі Қоғамның комплаенс-тәуекелді басқару жөніндегі ІРҚ-мен реттеледі.»;